

## Түркістан облысы Созақ ауданындағы бірқатар елді мекендерді тарату туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қыркүйектегі № 207 бірлескен қаулысы және Түркістан облысы мәслихатының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі № 5/68-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 21 қыркүйекте № 6349-13 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 11 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы Созақ ауданының өкілді және атқарушы органдарының пікірін ескере отырып, Түркістан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Түркістан облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Түркістан облысы Созақ ауданы Созақ ауылдық округінің Қақпансор елді мекені және Жуантөбе ауылдық округінің Қоңыратарық елді мекені таратылсын.
2. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысының және Түркістан облыстық мәслихаты шешімінің орындалуын бақылау Түркістан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.
3. Осы бірлескен Түркістан облысы әкімдігінің қаулысы мен Түркістан облыстық мәслихатының шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Түркістан облысының әкімі

Түркістан облыстық мәслихатының төрағасы

Д. Сатыбалды

Н. Абишов